



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Лонг Д., Наумовис Н. Б. Факультативный протокол к Конвенции ООН против пыток и других жестоких, бесчеловечных или унижающих достоинство видов обращения и наказания: Руководство по предупреждению. – Женева, 2005. – 267 с.
2. Жденек Хаек. Превентивный мандат// Материалы конференции, организованной Бюро ОБСЕ по демократическим институтам и правам человека (БДИПЧ) и юридическим факультетом Бристольского университета (Великобритания) "ФПКПП в регионе ОБСЕ: его значение и реализация (25-е ноября 2008, Прага, Чехия) - <http://www.bris.ac.uk/law/research/centres-themes/opcat/docs.html>
3. Факультативный Протокол Конвенции ООН против пыток и других жестоких, бесчеловечных и унижающих достоинство видов обращения или наказания от 18 декабря 2002 года// База данных «Закон» вер. 6.0 – РЦПИ Министерства Юстиции РК.
4. Конституция Республики Казахстан // База данных «Закон» вер. 6.0 – РЦПИ Министерства Юстиции РК.
5. Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года// База данных «Закон» вер. 6.0 – РЦПИ Министерства Юстиции РК.
6. Руководство: Учреждение и назначение национальных превентивных механизмов./Под ред. Смирнова М. – Женева, 2006 – 126 с.

11.6 Экологическое и природоресурсное право

УДК 349.41

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ МАҚСАТЫНА АРНАЛҒАН ЖЕРЛЕРДІ ЖАЛҒА БЕРУДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аманов Еркін Тұрсынәліұлы

E.Amanov@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі - Жусипова Б.А., з.ғ.к, доцент

Ауыл шаруашылық жер телімдерін тауар ретінде белгілейтін құқықтық негіз жерді тұрақты пайдалану институты болды, ал ол өз кезегінде жерге жеке меншік институтының сипатына жақын болды. Тұрақты жер пайдалану құқығындағы жерлер азаматтық-құқықтық мәмілелердің объектісі болып танылды. Олардың құқықтық режимдерінің ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, олардың нарықтағы айналымдарының ережелері бекітілді [1, 73 б.].

Бұл нормалар өздерінің әрекет етуі тұсында ауыл шаруашылық жерлерін қайта бөлісу процесінде өте маңызды рөлді атқарды десек те болады және осылардың арқасында аграрлық секторда шаруашылықтың жаңа түрлері белең алды. Дегенменен, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді мемлекеттік меншіктен жеке меншікке айналдыру процесінде кемшіл тұстар да баршылық болды: барлық субъектілердің өздерінің жер үлестерін және басқа да жылжымайтын мүліктерін алуға мүмкіншіліктері бола бермеді.

Осы мәселелердің барлығына 24 қаңтар 2001 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Жер туралы» кодексінің жобасын талқылау кезінде заңгерлер, экономисттер және басқа да тәжірибе мамандары назар аударған болатын.

Тарихқа көз салып отырған шағымызда «Жер туралы» Заңда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер айналымындағы оңшыл және кемшіл тұстар басшылыққа алынғандығын анықтап алу үлкен маңызға ие болып табылады. Бұл сауал өте орынды, себебі «Жер туралы» Жарлық мемлекеттің жаңа экономикалық бағыт алу шағында нарықтық экономикада жер қатынастарының дамуына алғышарттар жасады. Жалпы қарап отырсақ, «Жер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы оған дейін әрекетте болған «Жер туралы»

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бекітіп берген принциптерді сақтай отырып қабылданды. Сонымен қатар ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің құқықтық жағдайына қатысты да бірқатар мәселелер жетілдіруге және толықтыруларға ұшырады. Бұны біз ауыл шаруашылық жерлерін пайдалану қатынастарын құқықтық реттеу аспектілерінен қарағанда айқын байқаймыз.

Мемлекеттегі аграрлық реформалардың бастапқы этапындағы нақты жағдайды ескере отырып, «Жер туралы» Жарлық ауыл шаруашылық жерлерін пайдалану сауалдарына қатысты ең оңды шешімді тапты. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге деген жеке меншік құқығы институтын енгізудің күрделілігін және ертерек екендігін басшылыққа ала отырып, Жарлық жерге деген тұрақты пайдалану құқығын берді, яғни жер ешқандай уақытпенен шектелмеген пайдалануда болды. Сонымен қатар Жарлық тауарлық ауыл шаруашылық өндірісінің мақсаттарына сәйкес жерлерді ақысыз беру мүмкіндігін және оның шектерін қарастырды. Бұл тұста ақысыз мемлекеттік емес пайдалануға берілген жерлерге мәні бойынша жеке меншіктегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге қолданылатын құқықтық режимге ұқсас режим қолданылғандығын айту керек.

«Жер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «Жер туралы» Жарлыққа қарағанда бірқатар өзгешеліктердің болғандығы рас. Біріншіден, «Жер туралы» Заң жерді тұрақты пайдалану құқығының әрекет етуін барынша шектеді. Өйткені «Жер туралы» Заңға сәйкес тұрақты жер пайдалану құқығындағы жер учаскелері тек қана мемлекеттік жер пайдаланушыларға берілетін болған («Жер туралы» Заңның 27 бабы). Бұдан көріп отырғанымыздай, Заң тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісі саласындағы ең негізгі жер пайдаланудың түрі ретінде тұрақты жер пайдалану құқығын анықтаған. Бұл ауыл шаруашылығы саласында жерлерге мемлекеттік емес жер пайдаланушылардың барынша көбейіп кетуімен байланысты болды.

«Жер туралы» Заңның қабылдануына орай, бұрынғы заңнама бойынша ауыл шаруашылығы мақсатында жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға берілген жерлердің құқықтық жағдайлары өзгеріске ұшырады. Оның ережелеріне сәйкес тұрақты жер пайдалану құқығын иеленушілер жалға алу негізінде алғашқы уақытша жер пайдаланушылар болып табылды. Басқаша айтқанда, бұрынғы барлық мемлекеттік емес тұрақты түрде жер пайдаланушылар жерді уақытша пайдаланудың субъектілеріне айналды.

Заңның тағы бір енгізген жаңалығы мен өзгерісі жерді уақытша пайдаланудың мерзіміне қатысты болды. 99 жыл ұзақ жер пайдалану құқығының мерзімі «Жер туралы» Заңға сәйкес 49 жыл болып бекітілді.

Өз күшін жойған «Жер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес жерді тұрақты пайдалану құқығы келесідей мемлекеттік емес жер пайдаланушыларға берілді: 1) шаруа қожалықтарына; ауыл шаруашылық өндірісін жүзеге асыратын заңды тұлғаларға. “Жер туралы” Заңға сәйкес мұның бәрі алынып тасталған болатын. Заң мемлекеттік емес ауыл шаруашылық жер пайдалану субъектілеріне берілген құқықты іс жүзінде жойып жіберді.

Осы аталған кемшіліктердің арқасында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану саласында бірқатар теріс салдарлар орын ала бастады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншік құқығын енгізуден бас тартқанның өзінде, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге деген тұрақты жер пайдалану құқығын сақтап қалу қажет еді.

Өкінішке орай, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің шаруашылық және нарықтық айналымы саласындағы қатынастарды жетілдіру сауалын шешу кезінде заңшығарушы сауалдың бір қырынан оның екінші қырына тап болды; ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге деген жеке меншік құқығынан бас тарта отырып, ол тұрақты жер пайдалану құқығын да жойып жіберді.

Осы тұста «Жер туралы» Жарлықтың аграрлық секторды дамытудағы тағы бір артықшылығын айтқан жөн. Жарлықта ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді тегін түрде мемлекеттік емес жер пайдаланушы субъектілерге беру қарастырылған болатын, заң

бұл нормаларды алып тастады, ал ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді тегін пайдалануға беру аграрлық секторды дамытудың өте маңызды іс-шарасы болып табылатындығы айқын [2, 146 б.].

Осы айтылған қорытындылар Қазақстан үшін аса маңызды болып келеді, себебі ауылдардағы ауыр демографиялық және әлеуметтік жағдайда тұрған ауыл шаруашылық субъектілеріне жерді ешбір ақысыз беру өте пайдалы болып келеді.

Ең болмаса осындай дәрежедегі мемлекеттік қолдаусыз аграрлық сектор дұрыс жолға түсе алмасы анық. Әлеуметтік, демографиялық сауалдар шешілмейді, шаруалар жерсізденіп, жерлер тастанды болып кетуі әбден мүмкін.

Енді жерлерге меншік құқығын қарастыратын Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» бекіткен нормаларына көз салайық. «Жер кодексінің» 21-бабының мазмұнына сәйкес жерге меншік құқығының мазмұны ашылған:

1. Меншік иесінің өзіне тиесілі жер учаскесін иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқығы бар.

2. Жердің меншік иесі ретіндегі мемлекеттің құқықтарын жер заңнамасында және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген өз құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

3. Жер учаскесінің меншік иесі жер заңнамасында және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген негіздерде, шарттар мен шектерде меншік иесі құқығын жүзеге асыра алады.

Меншік құқығының мазмұны туралы айта отырып, жерлерге меншік құқығының пайда болу негіздерін атап көрсетпей кету мүмкін емес:

Жер учаскесіне меншік құқығы:

- 1) меншік құқығын табыстау;
- 2) меншік құқығын беру;
- 3) меншік құқығының әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен (мұраға қалдыру, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы) ауысуы арқылы туындайды.

Меншік құқығын табыстау, беру және оның ауысуы жер учаскесінің нысаналы мақсаты ескеріле отырып, жүзеге асырылуға тиіс.

Жер учаскесіне меншік құқығы:

- 1) мемлекеттік органдар актілерінің;
- 2) азаматтық-құқықтық мәмілелердің негізінде;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздерде туындайды.

Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге меншік құқығының пайда болу негіздері мен жолдарын айта отырып, олардың берілуі мүмкін көлемін атап айту мүмкін емес. Қазіргі уақытта қолданыстағы күші бар «Қазақстан Республикасының Жер кодексі» талқылау кезінде ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің пайдаланылуға берілуі мүмкін көлемі туралы сауал көптеген талқылауға ұшырады. Ол бойынша заңда келесідей көрініс пайда болды:

1) ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің максималды бөлшегі сол жер орналасқан әкімшілік аумақтың жалпы көлемінің 10%-нан аспауы тиіс;

2) фермер шаруашылығын жүргізу үшін қажетті жеке меншікке берілуі мүмкін жер учаскелерінің көлемі әкімшілік аумақтың жалпы көлемінің 1 %-нан аспауы тиіс;

3) Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді рационалды түрде пайдалануды күшейту мақсатында жергілікті атқарушы және өкілді биліктің бірлескен шешімімен суармалы жерлерге, олардың өздерінің ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді иеленудің максималды мөлшері бекітілуі мүмкін [3,154 б.]. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді жеке меншікке беру және де оның қызмет етуінің артықшылықтары туралы Ж.К. Косанов және А.Х. Хаджиев өз еңбектерінде қозғайды [4,119-124 б.].

4) Қазақстан Республикасының Жер кодексінде жерлердің санаттарына, олардың әрқайсысын жеке меншікке алудың немесе пайдалану үшін алудың өзіндік ерекшеліктері бекітілген[5].

Жерге деген меншік құқығы азаматтар мен ұйымдардың маңызды әлеуметтік-экономикалық құқықтарының қатарына жатады. Бұл жердің адамның өмір сүру ортасы болуымен және оның экономикалық тұрғыдан мүмкіншілігінің кең ауқымдылығымен түсіндіріледі. Бұл тұрғыда ерекше маңызды болып ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер келеді. Қазақстан Республикасы өте кең ауыл шаруашылығы жерлерінің ресурсына ие.

Жер заңнамасының әлеуметтік бағыты, тәжірибе көрсетіп беріп отырғандай, жер қатынастары субъектілеріне жер беру арқылы көрініс табуы керек. Дегенмен заң жер қатынастары субъектілерінің қатарын негізсіз көбейте бермейді, яғни ол негізсіз жер қатынастары субъектілерінің шоғырланып қалуына жол ашпайды.

Егер де жер заңнамасын осы көзқарас тұрғысынан алып қарастыратын болсақ, онда біз келесіні көреміз. Субъектілерге жер құқығын беру: а) меншік құқығын жеке меншікке немесе пайдалану құқығынан табыстау; б) жер учаскесін беру жеке меншікке немесе пайдалану құқығына беру. Қазақстан Республикасы жерге деген мемлекеттік меншіктің жалғыз ғана субъектісі бола отырып, өзінің құқығын жүзеге асыру мақсатында мына әрекеттердің кез келгенін жасауға құқылы болып табылады:

1) мемлекеттік меншікте бар жер учаскелерін сату немесе жеке меншікке ақысыз түрде беру;

2) ақылы немесе ақысыз нысанда жер учаскелерін тұрақты немесе уақытша жер пайдалануға беру.

Ауыл шаруашылық мақсатындағы жер учаскесіне жеке меншік құқығының пайда болуының үшінші түрі меншік құқығының әмбебап құқық мирасқорлық тәртібімен (мұраға калдыру, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы) ауысады.

Күшін жойған «Жер туралы» Заңға сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер (саябақ құрылысына арналған жерлерден басқасы) жеке меншікке берілмейтін еді. Сонымен қатар тұрақты жер пайдалану құқығына ие мемлекеттік жер пайдаланушыларға қарағанда, жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалар – субъектілерге жер тек уақытша пайдаланылуға берілетін болған.

Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге меншік құқығының пайда болу негіздері мен жолдары туралы ойды қозғай отырып, олар үшін төленетін төлемдерді айтпай кету мүмкін емес. Жер қатынастарын реформалау кезінде, ең бастапқы этапта жер құқықтарын бөліп берудің ақылылығы принципі бекітілген болатын. Бір уақытта жер пайдаланушы субъектілердің бірқатарына жер учаскелерін ақысыз беру көзделді. Сонымен қатар, негізінен жер учаскелерін шаруа қожалықтарына тегін беретін принцип те қарастырылған болатын.

Қазіргі кезде қолданысқа енген Жер кодексі шаруалардың жағдайын барынша қорғайды деп айтуға болмайды, өйткені ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге меншік құқығын сатып алу мүмкіндігі көпшілік шаруаларда болмайтындығы рас.

Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің жеке меншікке берілген уақытында бір адамның қолында шоғырланып қалуына жол бермейтін норма сөзсіз әлеуметтік маңызға ие. Дегенмен, оның толық орындалуының және қамтамасыз етілуінің механизмдері осы күнге дейін өз дәрежесінде емес екендігін айтуымыз керек.

Жер кодексі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің шаруашылық айналымдағы ерекше орнын ескере отырып, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге меншік құқығы деген арнайы бап нормасын қарастырған. Оның мазмұнына сәйкес мемлекеттік меншіктегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері белгіленген тәртіпте және жағдайларда жеке және заңды тұлғаларға жер пайдалану құқығымен және (немесе) жеке меншік құқығымен берілуі мүмкін деп көрсетілген.

Жер заңнамасы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншік құқығын қарастырғанымен, жалға алуға негізделген ауыл шаруашылық жерлерін пайдалану жеке

және заңды тұлғалардың өздерінің жерге деген құқықтарын жүзеге асыруларының негізгі деген нысандарының бірі болып қала береді.

Сонымен қатар жалға алушылық ауыл шаруашылық жер пайдалану жерге меншік құқығына қарағанда субъектілер шегі бойынша таралу деңгейі анағұрлым кеңірек болып табылады. Сондықтан қазіргі кездегі бұл жер пайдаланудың түрі өз маңыздылығын жоймасы анық. [5. 33 б.].

Біздің ойымызша, осының барлығы сайып келгенде ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жерлердің құқықтық режимдерін зерттеуге орынды негіз болып табылады. Біріншіден, жалға алынған жерлерді пайдалану, иелену құқығын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құқықтық жағдайына барынша жақындату керек. Осыған орай жерді жалға берудің құқықтық механизмін барынша жаңартып, жалға беруші мен жалға алушының құқықтық жағдайларын, жалға алудың мерзімін, жалға алуға болатын жер мөлшерінің көлемін нақтылау керек. Бұл дегеніміз, ең аяғында жалға алушының шаруашылық жасау жағдайы, еңбегінен пайда табу дәрежесі жерді жеке меншік құқықтық режимінде пайдаланатын тұлғаныкімен салыстырғанда ешқандай кем түспеуі керек. Жалға алушы және де жерге жеке меншік құқығын иеленуші шенеуніктердің әрекетінен, сонымен қатар мүліктік тәуекелдерден барынша қорғалған болулары керек. Жер құқықтары мен ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақтылығы принципін шыға отырып, реттеуші және де жеңілдікті қарастыратын жүйені қалыптастыру қажет. Жекелеген жағдайдан мысал келтіретін болсақ, жалға алынған жерлерді жеке меншік құқығына ауыстыру негіздері мен мүмкіндіктерінің жеңілдетілген түрін қарастыру керек .

Біз, ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылуға жататын жерлердің жалға алыну институтын қарастыра отырып, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді қосалқы жалға беру институтының онымен қатар өмір сүруін оңды деп санамаймыз. Ауыл шаруашылық жерлеріне жеке меншік құқығын енгізу жағдайында қосалқы жалға беру жерлерді шаруашылық етуші субъектілердің арасында тиімді бөлу үшін кедергі жасайды, ауыл шаруашылық кәсіпорындарының активтерін шашыраңқы етеді, ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын жоғарылатуға алып келеді, ауыл шаруашылығы жерлерін есепке алуда шиеленіске алып келеді.

Сонымен, бұл бөлімде біз, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге меншік құқығының бекітілуі мен түрлері туралы ережелердің мәселелерін қозғадық. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің мемлекеттік меншікпен қатар, жеке меншік құқығында да болатындығын және бірдей қорғалатындығын анықтай отырып, осы санаттағы жерлердің жеке меншікке берілуге байланысты нарықтық қатынастардағы айналымы мәселелерін қозғадық. Осы санаттағы жерлерге меншік құқығының түрлерімен таныстық және де қолданыстағы заңнамаға сай ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану құқығының, жерлерді жалға алудың түсінігіне және оның түрлеріне тоқталдық.

Қолданылған әдебиет:

1. Поддольский И.И. Землеустройство: общественно-экономическая теория. Алматы, 2000. С.73.
2. Стамқұлов Ә.С., Г.Ә. Стамқұлова. Жер құқығы. Оқу құралы, А., Заң әдебиеті, 2004 жыл.С.146
3. Косанов Ж.Х. Право собственности, право землепользования и иные права на землю. - Алматы: Данекер, 2002.С.154.
4. Хаджиев А.Х. Земельное право Республики Казахстан (Общая часть). – Алматы: Данекер, 2001. – 372с
5. Қазақстан Республикасының Жер кодексі.-Алматы;ЮРИСТ,2014-112б.
6. Ильясова К., Нурланова Ж. Перспектива развития земельного законодательства Республики Казахстан // Правовая реформа в Казахстане, 2001 г. №1, С.33.